

## Сақтандыру рыногының ағымдағы жағдайы 2007 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша

### Сақтандыру сыйлықақылары

2007 жылғы төрт айда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарымен қабылданған тікелей сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі 2006 жылғы осындай кезеңдегі жиналған көлемнен 53,6%-ға көп болып, 47 138,1 млн. теңге болды.

#### Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	01.05.2006ж.	01.05.2007ж.		01.05.2006 ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
		Сомасы	Үлесі, %	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	30 686,7	47 138,1	100,0	53,6
Міндетті сақтандыру	3 289,7	4 782,0	10,1	45,4
Ерікті жеке сақтандыру	3 286,0	5 043,2	10,7	53,5
Ерікті мүлдітік сақтандыру	24 111,0	37 312,9	79,2	54,8

*млн. теңге*

Кестені қарағанда міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі өткен жылдың осындай көрсеткішінен 53,6%-ға өскені көрінеді. Ерікті жеке сақтандыру бойынша ұлғаю – 45,4%-ды, ерікті мүлдітік сақтандыру бойынша – 54,8%-ды құрады.



2007 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша келіп түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымына қатысты мынаны айта кетуге болады:

**міндетті сақтандырудағы** – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 55,6% (2 658,6 млн. теңге) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 27,0% (1 290,0 млн. теңге) қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 6,6% (317,2 млн. теңге) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объект иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен.

**ерікті жеке сақтандырудағы** – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 41,8% (2 106,9 млн. теңге) жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша түскен, аурулардан сақтандыру бойынша – 28,7% (1 446,4 млн. теңге), өмірді сақтандыру бойынша – 19,0% (958,5 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 10,5% (531,5 млн. теңге) болып келеді.

**ерікті мүліктік сақтандырудағы** – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 34,8% (12 998,1 млн. теңге) мүлікті сақтандыру бойынша, басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша – 31,4% (11 715,8 млн. теңге), (автомобиль көлігі, әуе көлігі және су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қоспағанда) азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша – 22,2% (8 282,6 млн. теңге), автомобиль көлігін сақтандыру бойынша – 5,5% (2 069,5 млн. теңге) түскен болады.

Сақтандыру салалары бойынша (life, non-life) жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі былайша көрініс алады:

Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсуі	1.05.2006ж.		1.05.2007ж.		01.05.2006 ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	Сомасы	Үлесі, %	Сомасы	Үлесі, %	
Барлығы сақтандыру салалары бойынша	30 686,7	100,0	47 138,1	100,0	53,6
Өмірді сақтандыру	896,4	2,9	1 490,0	3,2	66,2
Жалпы сақтандыру	29 790,3	97,1	45 648,1	76,8	53,2


**"Өмірді сақтандыру" саласы.** 2007 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша "өмірді сақтандыру" саласында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 1 490,0 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың осындай күніне қарағанда 66,2%-ға көп. Жиынтық сыйлықақылардағы "өмірді сақтандыру" саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі есептік кезеңде 2,9%-ға қарсы 2006 жылғы 1 мамырда 3,2% болды.

**"Жалпы сақтандыру" саласы.** "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2007 жылғы төрт айда жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 45 648,1 млн. теңге болды, бұл 2006 жылғы осындай кезеңге қарағанда 53,2% -ға көп.

Структура поступления страховых премий по отрасли "страхование жизни"



Структура поступления страховых премий по отрасли "общее страхование"




### Қайта сақтандыру

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 27 183,4 млн. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 57,7%-ы болды. Бұл ретте, резидент еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 40,3%-ы берілді.

Қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 10 043,9 млн.теңге боды. Бұл ретте, резидент еместерден қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 2 032,3 млн.теңге болды.

Қайтасақтандыруға берілген сақтандыру сыйлық ақылары	1.05.2006ж.		1.05.2007ж.	
	Сомасы	жиынтық сыйлықақылардағы үлесі, %-бен	Сомасы	жиынтық сыйлықақылардағы үлесі, %-бен
Қайта сақтандыруға берілген барлығы, оның ішінде	15 283,5	49,8	27 183,4	57,7
резидент еместерге	13 975,7	45,5	18 973,2	40,3
резиденттерге	1 307,8	4,3	8 210,2	17,4
Резидент еместерден қайта сақтандыруға барлығы қабылданған	97,0	0,3	2 032,3	4,3

Структура страховых премий, переданных на перестрахование по странам



Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасында негізгі үлесті ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сыйлықақылар – 96,2%, ерікті жеке сақтандыру бойынша – 2,2%, міндетті сақтандыру бойынша – 1,6% болды.

### Сақтандыру төлемдері

2007 жылдың төрт айында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылдағы осындай кезеңмен салыстырғанда 2,7 есе өсіп, 7 048,7 млн. теңге болды. Бұл ретте, қайта сақтандыру ұйымдарынан қайта сақтандыру жөнінде өтемақы есебінен сақтандыру төлемдерінің үлесі 15,6% (1 491,3 млн. теңге) болып отыр.

Сақтандыру төлемдері	01.05.2006ж.	01.05.2007ж.		01.05.2006 ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
		Сомасы	үлесі, %	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	3 488,8	9 590,2	100,0	в 2,7 раза
Міндетті сақтандыру	1 674,8	1 847,1	19,3	10,3
Ерікті жеке сақтандыру	449,9	1 048,8	10,9	в 2,3 раза
Ерікті мүліктік сақтандыру	1 364,1	6 694,3	69,8	в 4,9 раза

1.05.2007ж. жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерін қарастырған кезде мынаны айта кетуге болады:

**міндетті сақтандыруда** – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша 55,4% (1 023,5 млн.тенге), қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша төлемдер 37,2% (687,0 млн. тенге), өсімдік шаруашылығын сақтандыру бойынша 6,4% (118,1 млн. тенге) болды.

**ерікті жеке сақтандыруда** – сақтандыру төлемдерінің 75,6% (792,4 млн. тенге) аурулардан сақтандыру бойынша түскен, жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша – 12,4% (130,1 млн. тенге) және аннуитеттік сақтандыру бойынша – 7,4% (77,9 млн. тенге) төлемдер болды.

**ерікті мүліктік сақтандыруда** – сақтандыру төлемдерінің 83,3% (5 578,2 млн. тенге) басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша түскен, автомобиль көлігін сақтандыру бойынша – 8,6% (576,3 млн. тенге), жүкті сақтандыру бойынша – 5,7% (379,1 млн. тенге) болды.



2007 жылдың үш айында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы бойынша сақтандыру төлемдерінің мейлінше көп көлемі басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру сыныбы бойынша сақталып, төлемдердің жиынтық сомасының 58,2% -ы болды.

### Сақтандыру рыногы жөнінде жалпы мәліметтер

2007 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногында 40 сақтандыру ұйымы (оның ішінде: 5 - өмірді сақтандыру бойынша, 9 - Қазақстан Республикасының резидент еместерінің қатысуымен), 12 сақтандыру брокерлері және 36 актуарийлер қызметті жүзеге асырды.

Сақтандыру секторының институционалды құрылымы	01.05.2006ж.	01.05.2007ж.
Сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде	39	40
резидент еместердің қатысуымен	6	9
өмірді сақтандыру бойынша	4	5
Сақтандыру брокерлерінің саны	12	12
Актуарийлер саны	30	36

Есепті күнге 33 сақтандыру ұйымы «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның қатысушылары болып табылады.

**Капитал.** 2007 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталының жиынтық мөлшері 90 673,5 млн. теңге болды.

*млн. теңге*

Қаржы көрсеткіштері	1.05.2006ж.	1.05.2007ж.	1.05.2006 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
Жиынтық активтер	85 181,6	150 627,4	76,8
Міндеттемелер	31 557,9	59 953,9	90,0
оның ішінде таза сақтандыру резервтері	24 763,7	49 686,6	в 2,0 раза
басқа да міндеттемелер	6 794,2	10 267,3	51,1
Меншікті капитал (баланс бойынша)	53 623,7	90 673,5	69,1

**Активтер.** Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2007 жылғы 1 мамырда 150 627,4 млн. теңге болды, бұл 2006 жылғы 1 мамырдағы осындай көрсеткіштен 76,8%-ға көп, оның ішінде:


*млн. теңге*

Активтер	1.05.2006ж.		1.05.2007ж.		1.05.2006 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	үлесі, %	Сомасы	үлесі, %	
Қолма-қол ақша	4 851,2	5,7	5 667,1	3,8	16,8
Орналасырылған салымдар	12 340,1	14,5	32 968,8	21,9	в 2,7 раза
Бағалы қағаздар	42 091,2	49,4	74 807,2	49,7	77,7
«кері РЕПО» операциясы	8 218,7	9,6	12 802,8	8,5	55,8
Сақтанушылардан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	8 912,1	10,5	13 460,3	8,9	51,0
Негізгі қаражат	2 121,9	2,5	3 546,6	2,4	67,1
Материалдық емес активтер	180,8	0,2	327,7	0,2	81,3
Басқа дебиторлық берешек	3 010,8	3,5	4 219,0	2,8	40,1
Басқа активтер	3 454,8	4,1	2 827,9	1,8	81,9
Активтер жиынтығы	85 181,6	100,0	150 627,4	100,0	76,8


*млн. теңге*

Инвестициялықпортфель	1.01.2006ж.		1.05.2007ж.		1.01.2006 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	үлесі, %	Сомасы	үлесі, %	
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	25 554,5	24,3	32 968,8	27,3	29,0
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары	18 470,3	17,6	19 037,1	15,8	3,1
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	54 905,8	52,2	62 157,0	51,6	13,2
Шетел мемлекеттерінің бағалы қағаздары	6 139,5	5,8	5 362,3	4,4	-12,7
ҚР резидент емес эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	103,6	0,1	1 053,6	0,9	в 10,2 раза
Жиынтығы	105 173,7	100,0	120 578,8	100,0	14,6

Структура инвестиционного портфеля по состоянию на 01.01.2007г. (%)



Структура инвестиционного портфеля по состоянию на 01.05.2007г. (%)



Сақтандыру ұйымдарының инвестициялық портфелі құрылымындағы екінші деңгейдегі банктердегі салымдарының үлесі 24,3%-дан 27,3%-ға дейін ұлғайды, ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздар үлесі 52,2%-дан 51,6%-ға дейін төмендеді, ал ҚР мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі 17,6%-дан 15,8%-ға дейін төмендеді, шетел мемлекеттерінің бағалы қағаздар үлесі 5,8%-дан 4,4%-ға дейін төмендеді.


#### Сақтандыру рыногының шоғырлануы

Қаралған кезеңде сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру төлемдері бойынша сақтандыру рыногының шоғырлану деңгейінің өскені байқалады. 5 бірінші сақтандыру компанияларының үлесіне жиынтық сақтандыру сыйлықақылардың 54,4% және сақтандыру төлемдерінің 82,1% келеді.

Сақтандыру рыногы жиынтық активтерінің ішінде бес ірі сақтандыру компаниясының үлесі 49,3% құрайды.

Жиынтық көрсеткіштерінен сақтандыру рыногының жиынтық көрсеткіштерінен үлесі, %	01.05.06	01.05.07
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	57,2	57,4
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	80,4	82,1
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	50,8	73,6
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	77,9	86,5
Бес ірі сақтандыру компаниясының активтері	56,2	49,3
Бес ірі сақтандыру компаниясының меншіктік капиталы	56,7	52,0

Динамика активов, собственного капитала и чистых страховых резервов, млрд. тенге



**Міндеттемелер.** 2007 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының міндеттемелер сомасы өткен жылдағы осындай күнмен салыстырғанда 90,0% өсе отырып 59 953,9 млн. теңге болды.

Есепті күнге сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша (қайта сақтандырушының үлесін шегере отырып) қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін құрған сақтандыру резервтерінің көлемі 49 686,6 млн. теңге болды, бұл 2006 жылғы 1 мамырда қалыптасқан резервтер көлемінен 2,0 есе артық. Есепті күндегі қайта сақтандырушының сақтандыру резервтеріндегі үлесі 33 314,0 млн. теңге болды.

### Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері

	на 01.05.2006г.	на 01.05.2007г.
<b>ЖІӨ, млрд. теңге</b>	7 453	10 140
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,41	0,46
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,72	0,89
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,14	1,49
Сақтандыру сыйлықақыларының халықтың жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен	2 006	3 081

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі дайындады.